

«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ МЕРКІ
АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «БАЛБӨБЕК» БӨБЕКЖАЙ- БАҚШАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

«Бейбіт күн жасасын әлемде»

«Қарлығаш, Көгершін» мектепке дейінгі ересек жас топтары



Тәрбиешілер: Шотай М.Ж.
Ақпанбетова Г.І.

Андас батыр

Тақырыбы: «Бейбіт күн жасасын әлемде»

Мақсаты: Балаларды адамгершілікке, отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру. Балаларды Ұлы Отан соғысымен, Қазақстандықтардың ерлік істерімен, таныстырып, ой өрісін дамыту. Балаларды үлкен адамдарды сыйлай білуге, оларды қадірлеуге тәрбиелеу.

Ән: Ән ұран.

Көрнекілігі: Ұлы Отан соғысы туралы кітаптар, батырлар суреттері.

Тәрбиеші: Соғыста Кеңес Одағының бірге біздің Қазақстан Республикасы да жан аямай шайқасты. Даңқты қарулы күштердің және еңбек армиясының құрамында млн қазақстандықтар болған. Ат ауыздығымен су ішкен, ер етегімен су кешкен сұрапыл соғыста ерлермен бірге қолдарына қару алып, Отанын қорғауға біздің батыр апаларымыз Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мамбетова ерлік көрсетіп, батырлықпен қаза тапты. Бауыржан Момышұлы екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы қазақтың көрнекі жазушысы.

- «Көгершін» мектепке дейінгі ересек жас топ балаларын Отан - туған жер туралы тапқатарына кезек береміз.

Айғаным:

Жеңіс келді далама,
Жеңіс келді қалама
Жеңіс келді әке боп,
Елдегі көп балаға.

Елдана:

Ол жеңісті көрген жоқ
Келді кейін азат күн.
Бірақ мәңгі өлген жоқ,
Батыр қызы қазақтың.

Амира:

Сонау жылы жер көкті,
Соғыс бұлты торлады.
Сонда Мәншүк апамыз,
Жаудан елді қорғады.

Айлин:

Жаумен жалғыз алысты,
Түбінде Мәншүк соғысты.
Бермеді қолдан намысты,
Жүректі қызы қазақтың.

Алинұр:

Бейбітшілік болса,
Туған жер құлпырады.
Үйлер де құламайды,
Ешкім де жыламайды.

Альбина:

Жас ұрпақтың тілегі,
Бейбіт күн асқары.
Ашық боп тұрсын де
Әлемнің аспаны.

Каусар:

Соғыс отын көзбен көрген,
Отан үшін жанын берген.
Мақтанышым ардагерім,
Жеңіс туын желбіреткен.

Алдияр:

Жеңіс келді ән болып,
Келді ауылға сән көрік.
Жеңіс келді алақай,
Ұмытылмас мәңгілік.

Тәрбиеші:

- Иә сұралып соғыс ешкімді аямады. Ана жарынан айырылды, бала әкесінен айырылды. Бірақ үміт оты еш өшкен жоқ. Бала әкесін күте бер.
Дүние жүзі халқы бостандық алды. Халық Отан ұғымың терең сезіне түсті. Қаһарман ерлік пен еңбек жеңіп шықты. Зұлымдық басқыншылық тізе бүкті. Бірлік, ерлік, халықтар достығы нығая түсті.

Арылтып жаудан жеріңді,
Табанға жаншып өлімді.
Жеңіспен желпіп өмірді,
Оралды ерлер көңілді,
Десеңдер бұл қай күні.
Тоғызыншы мамыр күні!

Келесі кезекте «Қарлығаш» мектепке дейінгі ересек жас топ ұл қыздарын «Катюша» биімен қарсы алыңыздар.

Тәрбиеші:

Арылтып жаудан жеріңді
Табанға жаншып өмірді
Жеңіспен желпіп өмірді
Оралды ерлер көңілді
Десеңдер бұл қай күні
Тоғызыншы мамыр күні.

«Көгершін» мектепке дейінгі ересек жас тобын «Бақытты бала шақ» әнімен ортаға шақырамыз.

Тәрбиеші:

Бақыт сыйлап жатады әр күн
Санамызға жарық берген
Әкелері аталардың
Бұл Жеңісті алып келген
Қуантамыз ән сап жұртты,
Келе берсін бақыт таңы.
Жеңіс күнің болсын құтты,

- «Қарлығаш» мектепке дейінгі ересек жас топ балаларын жеңіс туралы кім тақпақ айтады.

Ернар:

Жеңіс, жеңіс естіледі жалынды,
Жеңіс, жеңіс қоңыраулар қағылды.
Күн парақтар қып - қызыл боп ашылды.

Жеңіс келген тоғызыншы мамырды.

Ариана:

Домбырада саусақтары жаралы,

Жеңіс, жеңіс атам әнге салады.

Шаршағанда аңсағанда жас шағым,

Жеңіс деген сөзден ләззат алады.

Алуа:

Ағайлардан, апайлардан, інімнен,

Жеңіс сөзін көп естідім мен бүгін.

Сәл күбірлеп жеңіс, жеңіс деп едім,

Жазылғандай әжем белі бүгілген.

Еркеназ:

Жадыраңқы бүгін қабақ ашылған,

Жаса жеңіс мұң қайғыны қашырған.

Мен жеңістің көріп тұрмын алауын,

Жаңарладан алтын шуақ шашылған.

Тәрбиеші: Ұлы Отан соғысына қатысқан батырларымыз: Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәмбетова, Әлия Молдағұлова, Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигелдинов.

Ел алдындағы борыштарын өтеп, еліміздің амандығын, жеріміздің тұтастығын, қорғап қалған ерлерге тағзым етеміз. Олар еліміздің жарқын болашағын, жас ұрпақ өмірін, халықтың бақыты мен қуанышын сақтап қалды. Ардагерлер ерліктері арқасында біз осы күнге жеттік. Біздің өз қалауымызбен еркін өмір сүріп, шаттана күлгеніміз бәрі де сол Ұлы Отан соғысы жеңісінің жемісі. Әрине соғыс болмасын!

Біздер соғысқа қатысып батыр болмайық. Біз бейбіт күннің батырлары болуға тырысайық. Ел үшін аянбай еңбек етіп, білім, өз жеріміздің, патриоттары болайық. «Көгершін мектепке дейінгі ересек жас топ ұлдарын «Солдаттар» биімен ортаға шақырамыз.

Тәрбиеші:

Балалар, біздің шекараны кім қорғайды?

Балалар: Солдаттар.

Шекарада солдат тұр,

Ел бақытын қорғап тұр.

Көңілденсін ағалар,

Амандық хат жолдап тұр.

Ән: «Ел қорғауға әзірміз» «Көгершін» мектепке дейінгі ересек жас тобы

Тәрбиеші:

Елге қауіп төнбесін,

Егестен адам өлмесін!

Есен – аман болайық,

Енді соғыс болмасын!

Өртенбесін туған ел!

Шайқалмасын асқар бел!

Шайқалмасын шалқар көл!

«Қарлығаш» мектепке дейінгі ересек жас тобының орындауында «Жеңіс туы желбіреп»

Тәрбиеші:

Жасасын Жеңіс!

Бақытты елім күле бер!

Тәуелсіз болып болашағына жүре бер!

Болмасын соғыс!

Болмасын соғыс!

Болмасын!

Осы тілекпен барша халайық түрегел!

Осымен сіздерге арнаған «Бейбіт күн жасасын әлемде» атты тәрбие сағатымыз аяқталды. Жеңіс туымыз көк аспанымызда желбірей берсін!



